

*Жаңа түскен баслымдардың
виртуалды көрмесі*

№1 2022

*Виртуальная выставка
новых поступлений
научных изданий*


Қ. Абдухалимов. Кітап-альбом «Роза Бағланова». - Алматы: «Өнер 21-ғасыр» Қоғамдық Қоры, 2021.- 280 бет.


1922 жылдың 1-қаңтарында жарық дүниеге келген Роза Бағланованың өмірі өткен ғасырымыздың ұлттық символына айналған. Бұрынғы Кеңес (КСРО) өкіметінің халыққа жасаған бүкіл қиянаты жап-жас Розаның басынан өткен. Азамат соғысы, жетім қалу, ашаршылық, халық жауы, босқыншылық, Отан соғысының қан майданы.., - бәрі, барлығы да... Жасы он сегізден жаңа асқан сүйкімді жас Өзбекстаннан қан майданның ең алдыңғы шебіне концерт қоюға аттанған қыз-келіншектер ансамблінің құрамында соғысқа кетті. Әншілік, артистік жолы осылай басталды. Сөйтіп, Роза Бағланова 1945 жылғы 9-мамырда Берлинде болған Жеңіс концертіне қатысады.

Әйгілі әншінің 100 жылдығына арналған бұл кітап-альбом өнер жолын Ташкент филармониясының ән-би ансамблінде әнші болып бастаған, кейіннен Әлемде аты аңызға айналған опера және эстрада әншісі, Қазақстанның (1955) және бұрынғы КСРО Халық артисі (1967), Халық Қаһарманы (1996) Роза Тәжібайқызы Бағланованың өмір белестерін көз алдыңызға әкеледі.


Роза Бағланова Қазақтың халық әуендерін, отандық және шет елдік замандас композиторлардың, өзге халықтардың (венгр, өзбек, қырғыз, тәжік, украин, грузин, әзірбайжан, корей, қытай, моңғол, орыс, үнді, чех, швед, т.б.) әндерін нақышына келтіре орындап әлем жұртшылығының көзіне түсті.

1946 жылы Мәскеуде өткен бүкілодақтық эстрада әншілері 2-конкурсының дипломанты, 1949 жылы Бухаресте өткен бүкіл дүниежүзілік Жастар мен студенттердің 2-фестивалінің лауреаты атанды. Р. Бағланова Ленин, «Еңбек Қызыл Ту», «Халықтар достығы», «Құрмет белгісі» және «Отан» ордендерімен, «Жауынгерлік ерлігі үшін» (1943), және басқа ондаған медальдармен марапатталған. Атағы Жер жүзіне таралған қазақ әншісінің үні бүгінгі ХХІ ғасырда әрбір қазақ шаңырағында шамшырақ болып жайнайды.






Сыдықов Ерлан. Жамбыл Жабаев.- Алматы: Изд-во «Золотая книга» ЖШС, 2021.- 320 б.



Ысқақұлы Д. Өнегелі өмір / ред. басқ. Ғ.М. Мұтанов. - Алматы: Академ кітап, 2021.- 344 б.

Кітап Халықаралық Айтматов академиясының академигі, әдебиет саласындағы халықаралық, республикалық сыйлықтардың иегері, филология ғылымдарының докторы, профессор Д. Ысқақұлының 75 жасқа толған мерейтойына орай жарық көрді.

Бұл кітапқа ғалымның қазақ әдебиетінің және руханиятының көкейкесті мәселелеріне арналған еңбектері мен ол жайлы әріптестерінің, ізбасарларының лебіздері, шығармашылық өмір жолы деректерін қамтитын мұрағат құжаттары мен фотосуреттері топтастырылған.



Момышұлы Б. Қойын дәптер құпиялары. Ноқтаға басы сыймаған. Көптомдық шығармалар жинағы. 31-том. - Алматы: «Өнер» баспасы, 2021. - 344 бет.


Қазақ халқының Қаһарман Перзенті, көрнекті жазушы Бауыржан Момышұлының 30 томдық шығармалар жинағы бұған дейін (2008-2010 ж.) басылып шыққан болатын.

Енді «Өнер» баспасынан көптомдықтардың тағы да кезекті он томы жарық көруге дайындалып отыр.

Қолдарыңыздағы 31-томның «Қойын дәптер құпиялары» атты 1-бөлімінде Әлімбай Найзабаев дайындаған - Баукеңнің кейбір жазбаларының қысқаша үзінділері, хаттары мен ойлары, т.б. жәдігерлері жарияланып отыр. Ал, «Ноқтаға басы сыймаған» атты 2-бөлімінде Ш.Мұртаза, Е.Әлімжан, М.Қожахметова, Ж.Бөдешов сынды қаламгерлердің Батыр Бауыржан рухына арналған драмалық шығармаларын ұсындық.

Желтоқсан көтерілісі: Көп томдық айғақ-кітаптар / Құраст. Талғат Айтбайұлы. - Алматы : Дәуір, 2021. - 480 б.

Айғақ-кітаптың бұл томына Желтоқсан көтерілісінің 20 жылдығы кезінде жинақталған материалдар енгізілді. Көрнекті қоғам қайраткері, сұңғыла саясаткер-дипломат М.Есенәлиевтің терең толғанысқа толы ойлары айтылып, қазақ жастары қозғаған мән-мағынасы аса салмақты мәселелер әлі күнге шешілмей келе жатқаны кітапқа енген қоғам қайраткерлері Н.Сабильянов, Қ.Қайсенов, С.Ғаббасов, С.Зиманов, Д.Нұрмұхамбет, Қ.Мырза Әли, О.Сүлейменов, Ә.Тәтіғұлов, М.Жолдасбеков, Б.Рақышев, С.Сматай, Г.Орда, С.Өзбекұлы, М.Мәтқанұлы, Қ.Әбенев және М.Байғазиннің жазбаларында анық аңғарылады. Тағы да алдыңыздан «Неге? Неге олай?» деген сауалдар атойлай шығады. Және жүздеген авторлардың жазғандарын біріктіріп, миллиондаған қайрансыз қазақтың ойын жеткізген қомақты жинақ «Неге?» деген сұрақпен аяқталады. Дегенмен, Желтоқсан шындығын аша түсуге сәл болса да ілгері қимыл жасалғанына иланасыз.






Жаңылтпаштар / Құраст. Г. Ақжолова. — Нұр-Сұлтан : Фолиант, 2021. — 64 б.

Жаңылтпаш — қазақ ауыз әдебиетінің ажырамас бір бөлігі. Бұл — адам ойын сергіту, тіл байлығын арттыру, әріп пен сөздерді анық айтуға үйрететін жаттығу түрі.

Жаңылтпаш ойын-сауыққа жиналған жұртты күлдіру, жас ұрпақтың тілін ұстартып, әр түрлі сөзді шапшаң айтуға үйрету мақсатымен пайда болған.

Қазіргі кезде жаңылтпаш жаңа мазмұнға ие болып, түрі мен мазмұны жағынан молыға түсті. Жас ұрпақты достыққа, бірлікке, адамгершілікке, ізгі қасиеттерге тәрбиелеудің маңызды құралына айналды.




Оразақын Асқар Балалар әлемі. Балаларға арналған өлеңдер аңыз-ертегілер, поэмалар, жұмбақтар, жаңылтпаштар. Алматы «Жалын баспасы». 2021 ж. - 672 бет.

Халықаралық «Алаш», Түркі әлемі «Ақбозат» және Мұқағали атындағы әдеби сыйлықтардың лауреаты, «Ерен еңбегі үшін» медальдарының иегері, Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері.


Ұл-қыз өсіріп, немере сүйіп отырған Оразақынның «Балалар әлемі» деп аталатын бұл кітабында бөбектерді жіті қадағалау барысында жазылған бала тілінің бал екенін дәлелдейтін қызықты сөз, іс-әрекет, қылықтары, үйдегі, мектептегі, каникулдағы үлгілі, өнегелі өмірлері нанымды да көркем көңілді көрініс табады.

Сондай-ақ, ақынның өзі қызмет еткен қала өмірі, демалыста, іс-сапарларда аралап көріп - білген жер көріністері, ел тұрмысы, ауыл тіршілігі, ағайын-туған, отбасы қарым- қатынастары оның өлең-жырларынан жан-жақты әсерлі көрініс табады.



Сабыр М. Қыпшақтану. - Алматы: «Liber» баспасы, 2021. - 256 б.

Еңбекте қыпшақтану түркітанудың құрамдас бөлігі болғанмен, өзіндік бағыт-бағдары, мақсат-мүддесі бар сала екені нақты дәлелдермен көрсетілген. Қазақ халқының этникалық, тарихи және мәдени қалыптасуына негіз болған қыпшақтық өркениетті таныстыра отырып, көне қыпшақ тілі мен қазіргі қыпшақ тілдерінің сабақтастығы толық дәлелденген. Кітапта түркі тілдерінің жіктеліміндегі қыпшақ тілдерінің орны, қазіргі қыпшақ тілдерінің ұқсастықтары мен өзіндік ерекшеліктері көрсетілген. Байырғы қыпшақтардың шаруашылығы мен мәдениеті, дүниетанымы, әскери өнері, сыртқы саяси қарым-қатынастары туралы мол мағлұмат берілген. Бүгінгі қыпшақ тілдерінің әдеби тіл болып қалыптасуы, мемлекеттік мәртебесі, саяси-әлеуметтік жағдайы сарапталған.



Мұханбетқалиұлы Қ. Тар кезең: Тарихи роман / Қажығали Мұханбетқалиұлы. - Алматы: «Қазақ кітабы» баспасы, 2021.-348 б.

Қазақ даласының Батыс және Орталық бөлегі Ресей протекциясына қарағанына жарты ғасырдай уақыт өткенде, империя енді өзінін отаршылдық бет-бейнесін ашықтан-ашық көрсете бастаған болатын. Әсіресе, Алаш баласы Елек пен Жайық бойындағы өріс-қоныстарынан ысырылып; онымен қоймай, біресе Жайық казак-орыстарының, енді бірде башқұрттар мен Еділ қалмақтарының талауына ұшырап, жан-жақты қысым көре бастады. Ел басындағы хан Нұралы болса, бұл істердің бірде-бірін орнықты шеше алмай, ел билігі де дағдарысқа түсті.

Міне, осындай қилы кезеңде ел тағдырына деген жауапкершілікті өз мойындарына алған - Байбақты Сырым бастаған қазақтың білікті билері мен батырлары, ақсақалды ағалары еді...




Жайлыбай К.Н. Экологиялық атаулы күндер және өткізу шаралары: Оқу құралы / Жайлыбай К.Н., Хаирлаева Г.Ж., Нұрмаш Н.К. - Алматы: Эверо, 2021. - 152 б.

Экологиялық мәдениеттің қалыптасуы - ХХІ ғасырдағы адамзат мәдениетінің және Қазақстанның экологиялық қауіпсіздігінің маңызды бөлігі. Экологиялық тәрбие отбасында, балабақшада, мектептерде, колледждерде, мектептен тыс қоғамдық жұмыстарда және өзін-өзі тәрбиелеуден бастау алады. Экологиялық мерекелерді атап өту, тағы бір экологиялық білім мен тәрбие берудің көзі. Экологиялық атаулы күндер мәліметтері, пайда болу тарихы, себептері, аталынатын күндерді өткізу, жүргізу шаралары бір жүйеге келтірілген және мәліметтер көктем, жаз, күз, қыс айларындағы аталынатын күндерге топтастырылған.




Жайлыбай К.Н. Экологиялық күнтізбе (календарь): Оқу құралы / Жайлыбай, Келіс Нұрмышұлы, Хаирлаева Г.Ж. - Алматы: Эверо, 2021. - 96 б.

Экологиялық мәдениеттің қалыптасуы - ХХІ ғасырдағы адамзат мәдениетінің және Қазақстанның экологиялық қауіпсіздігінің маңызды бөлігі. Экологиялық тәрбие отбасында, балабақшада, мектептерде, колледждерде, мектептен тыс қоғамдық жұмыстарда және өзін-өзі тәрбиелеуден бастау алады. Экологиялық мерекелерді атап өту, тағы бір экологиялық білім мен тәрбие берудің көзі. Экологиялық күнтізбе мәліметтері, пайда болу тарихы, себептері, аталынатын күндерді өткізу, жүргізу жолдары бір жүйеге келтірілген және де күнтізбе мәліметтері көктем, жаз, күз, қыс айларындағы аталынатын күндерге топтастырылған.



Жайлыбай К.Н. Арал өңірінің дәрілік өсімдіктерінің экологиясы: Оқу құралы / Жайлыбай Келіс Нұрмашұлы . - Алматы: Эверо, 2021. - 72 б.

Оқу құралында Арал өңірінің сипаттамасы берілген. Әрбір топырақ климаты өзгеше жағдайында қандай дәрілік өсімдіктер өсетіні, олардың биологиялық және экологиялық сипаттамасы, химиялық құрамы, қандай ауруларға қарсы қолданылатыны сипатталған. Дәрілік өсімдіктерді қалай іздеп табуға болатыны және дәрілік шикізатты қалай дайындау керектігі көрсетілген.




Жұртбай Тұрсын. Білмей мұны жазған жоқ... мәтінаралық зерттеу. 2 кітап / Жұртбай, Тұрсын; Ред. алқасы: Е. Сыдықов (бас ред.) және т.б.; Еуразия ұлттық университеті. - Нұр-Сұлтан: Алашорда, 2021

1-кітап. - 448 б.

2-кітап. - 336 б.




Жұртбай Тұрсын. Салыстырып байқарсыз... (Абайдың сыртқы әлемі: әдеби-салыстырмалы талдау) / Жұртбай, Тұрсын; Ред.алқасы: Е. Сыдықов (бас ред.) және т.б.; Еуразия ұлттық университеті. - Нұр-Сұлтан: Алашорда, 2021. - 320 б.




Қасқабасов Сейіт. Абайға дейінгі және Абайдан кейінгі қазақ әдебиеті (әр жылдағы ойлар, толғамдар, тұжырымдар) / Қасқабасов Сейіт; Ред. алқасы: Е. Сыдықов (бас ред.) және т.б.; Еуразия ұлттық университеті. - Нұр-Сұлтан: Алашорда, 2021. - 192 б.




Жұртбай Тұрсын. Соқтықпалы, соқпақсыз заманда өсті ... (Абай және оның әлеуметтік ортасы) / Жұртбай Тұрсын; Ред. алқасы: Е. Сыдықов (бас ред.) және т.б.; Еуразия ұлттық университеті. - Нұр-Сұлтан: Алашорда, 2021. - 496 б.



Негимов Серік. Абайдың көркемдік және ғылыми дүниетанымы: Монография / Негимов Серік; Ред. алқасы: Е. Сыдықов (бас ред.) және т.б.;Еуразия ұлттық университеті. - Нұр-Сұлтан: Алашорда , 2021. - 288 б.




Кәрімхан Заңғар. Абай және Алаш. Абайтанудың кейбір мәселелері: Монография / Кәрімхан, Заңғар, Тоқтарбай, Елдос; Ред. алқасы: Е. Сыдықов (бас ред.) және т.б.; Еуразия ұлттық университеті. - Нұр-Сұлтан: Алашорда, 2021. - 336 б.



Бес асыл іс. Балаларға арналған танымдық жинақ / Ред. алқасы: Е. Сыдықов (бас ред.) және т.б.; Еуразия ұлттық университеті. - Нұр-Сұлтан: Алашорда, 2021. - 312 б.




Жұртбай Тұрсын. Сүйген жүрек... (Рисалар) / Жұртбай, Тұрсын; Ред. алқасы: Е. Сыдықов (бас ред.) және т.б.; Еуразия ұлттық университеті. - Нұр-Сұлтан: Алашорда, 2021. - 548 б.



**Жұртбай Тұрсын.
Ол боламын демендер... Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы зерттеулер / Жұртбай, Тұрсын; Ред. алқасы: Е. Сыдықов (бас ред.) және т.б.; Еуразия ұлттық университеті. - Нұр-Сұлтан: Алашорда, 2021. - 584 б.**



Ыбырай Сұлтан. Жарым адамнан -толық адамға / Ыбырай Сұлтан; Ред. алқасы: Е. Сыдықов (бас ред.) және т.б.; Еуразия ұлттық университеті. - Нұр-Сұлтан: Алашорда, 2021. - 208 б.




Абайдың педагогикалық дүниетанымы: Ұжымдық монография / Р.К. Төлеубекова; Ред. алқасы: Е. Сыдықов (бас ред.) және т.б.; Еуразия ұлттық университеті. - Нұр-Сұлтан: Алашорда, 2021. - 336 б.




Бейсембек Тілеуғазы. Зерек бала: Өлеңдер, аңыз-дастандар, ертегілер. - Нұр-Сұлтан: Big Dream , 2021. - 148 б.

Белгілі бапапар ақыны, әрі композитор Тілеуғазы Бейсембектің бұл жинағына оның балаларға арналған өлеңдері мен аңыз-дастандары және ертегілері топтастырылды. Мұндағы аңыздардың тәрбиелік мәні бар. Балаларды ақылды да тапқыр, білімді де өнегелі болуға үндейді. Жас жеткіншектерді кішіпейіл болуға, ата-анасын, туған елін, өскен жерін ардақтауға шақырады.




Жер тағдыры - ел тағдыры. Қазақ Республикасының тұңғыш жер заңы / Жауапты ред. С. Аққұлы; Құраст. С.Х. Аққұлы, А. Мырзағали. - Нұр-Сұлтан: Алашорда , 2021. - 528 б.

Бұл жинақ ХІХ ғ. 60-70-ші жылдары көрші Ресей империясының отарлық бұғауына тап болған қазақ халқының ата-бабасынан қалған Ұлы дала жерін қайтару жолында суға да, отқа түскен ұлт қайраткерлерінің ХХ ғ. басындағы патшалық кезең мен Кеңес өкіметі тұсында қазақ және орыс тілдерінде жазып қалдырған іргелі шығармаларын, зерттеулерін, мақалаларын, бағдарламаларын, сондай-ақ 1923 жылы қабылдаған тұңғыш Жер туралы заңын және т.б. құнды дүниені қамтиды. Кітапта Ә. Бөкейхан, Т. Шонанұлы, М. Есболұлы мұралары және жер мәселесі қарастырылған «Қарқаралы құзырхаты», «Қазақ Елінің Уставы», «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасы сынды тарихи құжаттардың үзінділері беріледі.




Медеуова Ғ.Ж., Жайлыбай К.Н. / Экотоксикология: Оқу құралы. - Алматы: Эверо, 2021. - 212 бет.

Оқу құралы экотоксикология пәнінің бағдарламасына сәйкес дайындалған. Онда экотоксикологияның дамуы мен қалыптасуы, химиялық элементтердің тірі организмдер үшін маңызы, қоршаған ортаның ластану түрлері, биосфераның ластануын бағалау жүйесі, экоуыттылық және оның әсері, тірі организмдерге ксенобиотиктердің әсері, экотоксиканттардың түрлері, табиғи ортаның сапасы және халықтың денсаулығы мәселелері баяндалады.




Аққұлы С. Дінмұхамед Қонаев: Әлихан Бөкейхан - Алты алаштың пірі, рухани көсемі... Зерттеулер, мақалалар. - Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2021. - 584 б.

Жинақта автордың Ұлы ойшыл ақын Абай, Кеңестік Қазақ елін ұзақ жыл басқарған Д.А. Қонаев, Алаш атаулы ұлт-азаттық қозғалысы, партиясы, Ұлттық Республикасының тарихы, көрнекті «Алаш» кайраткерлері (Ә. Бөкейхан, Б. Сырттанұлы, М. Есболұлы, т.б.) өмірі мен қызметінің көпшілікке беймәлім кезеңдері туралы 2016-2021 жылдары түрлі басылым, конференция материалдарында жарияланған қазақ, ағылшын және орыс тілдеріндегі зерттеулері, мақалалары, ғылыми баяндамалары қамтылды.



Оқан С. Исламдағы келісім - қоғам тұтастығы. - Алматы: Раритет, 2021.- 224 б.


Бұл еңбекте исламның теологиясы мен тарихындағы сұхбат аясында «өркениеттер қақтығысы» теориясына сыни талдау жүргізіліп, Ислам діні - дін мен дүниеге қатысты бүкіл іс-әрекетте шектен шықпай, турашылдық пен әділдікті жақтайтыны талданады. Зерттеудің теориялық негізін исламтану және дін философиясы мен мәдени антропологияда қолданыс тауып жүрген дәстүрлі әдіснамалық негіздер құрайды. Тандалған тақырыптың мәнін ашуға тарихилық пен логикалықтың бірлігі, салыстырмалы сараптау, құрылымдық-функционалдық, герменевтикалық, аксиологиялық және концептілік талдау әдістері қолданылған. Сондай-ақ дін мен мемлекет ара-қатынасы, зайырылық пен діни конфессиялар арасындағы сұхбаттың теологиялық, шариғи мәселелеріне де зерттеу жүргізілген.



Кучинский Х. Макс (Max H. Kuczynski).


Дала мен адам. Steppe und mensch. Степь и человек. / Жауап ред. Д. Қамзабекұлы. Аудар. А. Біжкенова, Ж. Жақыпов / - Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2021. - 320 б.

Бұл кітаптың авторы Германия ғалымы (медицина докторы, физиолог, антрополог, бактериолог), Берлин университетінің патология профессоры Макс Ханс Кучински (Max H. Kuczynski) 1924 жылы Қазақ даласын аралап, Алаш жұртының тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын, табиғаты мен денсаулық жағдайын, ем-домын еуропалық көзқараспен қызықты етіп хатқа түсірген.




Жайлыбай К.Н. Күріш егіншілігі және экология: Оқулық / Жайлыбай К.Н.; ҚР БҒМ. - Алматы: Эверо , 2021. - 228 б.

Қазақстанда 1966-1990 жылдары товарлы күріш егіншілігі дамып қалыптасты. Бұл кезеңде инженерлік күріш жүйесі салынып, ауыспалы егіс игерілді, дақылды өсіру жұмыстары толық механикаландырылып, күріш егіншілігі интенсивтендірілді. Жоғары өнімді сорттарды өндіріске енгізу және интенсивті технологияны қолдану нәтижесінде күріш өнімі 1965-1966 жылдардағы 25-27 ц/га деңгейінен 1985-1990 жылдары гектарына 55 центнерге дейін өсті. Күріш өсімдігі физиологиясы, фотосинтезін зерттеп дамыту нәтижесінде минеральды қоректену, суару режимі, фотосинтетикалық өнімділігі теориясын тұжырымдап, тыңайтқыштарды беру мөлшері, мерзімі, әдісі оптимизацияландырылып қолайландырылды, суару режимі жетілдірілді.




Шейх Ахмет, Құдайдад Тарази. Көркем сөз өнері (1436-1437) / Шейх Ахмет, Құдайдад Тарази; Аударған: Кеңесбек Демеш, Ислам Жеменей. - Алматы: Дәуір , 2021. - 480 б.

Шейх Ахмет Құдайдад Таразидің 1436-1437 жылдары жазып, мұра етіп қалдырған «Көркем сөз өнері» - әдебиеттану, әдебиет теориясы саласындағы түркі тіліндегі тұңғыш туынды. Еңбекте автор поэзияның көркемдік заңдылықтарын, жеке сөздің өлең құрылысындағы рөлін анықтайды. Трактатта өлеңнің түрлері, уәзіндері, сөздің терминдік мәні, әріптердің сөз құраудағы міндеті пысықталып отырады, сөз, әріп, сөйлемнің бір-бірімен байланысы талданады. Сонымен бірге Шейх Ахмет Тарази өз тұжырымдарын түркі, парсы және араб тіліндегі өлең жолдарымен қуаттап отырады. Шығарма түркі тілінде жазылғанымен аталған үш тілдің тарихи байланыстарына зер салуға мол мүмкіндік береді.



Кәріпұлы Өмір. Белес: Хикаяттар, әңгімелер, мысалдар / Кәріпұлы Өмір. - Алматы: Дәуір, 2021. - 480 б.

Өмір Кәріпұлының бұл жинағына кейінгі жылдарда жазылған хикаяттары мен әңгімелері енгізілді. Жинақтағы шығармалардың дені күй аңызынан бастау алады. Халықпен бірге жасасып келе жатқан күй өнері ұлт руханиятының бастау көзі екені «Қайран ел», «Қыз қайырған», «Қоңыр сарын» хикаяттарының өзегін құрайды. Бұл шығармалардың басты кейіпкерлері - көне сарыннан күй туындатқан Абылай хан, Тоқа, Әбікен сынды тұлғалар. Жинаққа енген «Тарлан», «Тайқасқа» хикаяттары төре түліктің қасиетін паш етеді. «Математик Ергешбай» хикаяты әке мен баланың сабақтастығына құрылған. Жинаққа енген әңгімелер, мысалдар жас буынды ұлттың рухта тәрбилеуге септеседі.




Баймұқанов Дастанбек Асылбекұлы. Түйе шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы: Оқу құралы / Баймұқанов, Дастанбек Асылбекұлы, Исхан, Қайрат Жәлелұлы, Жүнісов, Асқар; Қазақ ұлттық аграрлық университеті. - Алматы: Айтұмар, 2021. - 164 б.

Оқу құралында жан-жақты ашып көрсетілетін негізгі қарастыратын мәселелері түйе шаруашылығы өнімдері - сүт, ет, жүн және былғары шикізат өндіру технологиясы. Бөлімде авторлар дромедар тұқымдас және қазақтың айыр өркешті түйелерінің тірілей салмағын анықтау бойынша кестелер келтірген




Әлем әзіл әңгімелері: Шетелдік сатирик-юмористердің таңдамалы шағын туындылары / Аударған: Берік Садыр. - Алматы: Дәуір, 2021. - 340 б.

Күлкі - өмір, күлдіре білу - өнер, күлкі болу - өлім» демекші, күлдіре білу өнері - адамзат атаулыға ортақ асыл қазына. Қай қоғам, қай елге болса да әзіл-калжың жат емес. Сан қырлы сатира-юморынан сол елдің болмыс-бітімін, тұрмыс-тіршілігін, ең аяғы, қай қоғам қандай дәрежеде ғұмыр кешіп жатқанын да бағамдауға болады. Яғни, «Әлем әзіл әңгімелері» атты жинақта негізінде көрші елдердің, сондай-ақ алыс ағайындардың сатира-юморларын аударып көпшілікке ұсынуды жөн көрдік. Өмірдің сан-саласын қамтыған әлем әзілкештерінің шапшағын туындылары көп көкейінен шығар деген үміттеміз.



Алпартегі Жексен. Ғұмыр: Мақалалар, эссе, зерттеулер мен сұхбаттар / Алпартегі, Жексен. - Алматы: Шалкөде, 2021. - 301 б.

Кітапқа алуан түрлі материалдар енген. XVI ғасырда өмір сүрген Әлмерек абыздың көрегендігі және оның баласы Жәнібектің жоңғар шапқын шылығында қол бастаған ерлігі туралы тың деректер кірген. Сондай-ақ Жанқабыл шешеннің шешендігі жөнінде ел ауызында жүрген әңгімелер де бар. Белгілі ғалымдар туралы сұхбаттарды оқуға болады. 1941-1945 жылы Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан майдангерлердің ерліктерін және жер аттарына қатысты өлкетанулық зерттеулер, жеке адамдардың өмірлері жайлы материалдар да қызықты.




Жаскиленова А.Е. Аударма сөздігі: Оқу құралы / А.Е. Жаскиленова. - Тараз: Дулати университеті, 2021. - 139 б.


Сөздікте көркем еңбек, технология, дизайн, материалтану және т.б. пәндерін жан-жақты оқып үйрену барысында кездесетін ұғымдар мен атаулардың аударма түсініктерін терең ұғыну мен қабылдау үшін «Кәсіптік оқыту» және «Дизайн» мамандығының білімгерлеріне арналған оқу құралы

Сәбден Оразалы. Ойлы кітап (Қоғамды жаңғырту ілімі). - Алматы: Service Press, 2021. - 364 б.

Қазақстанды жаңа цивилизацияға дайындау үшін, қоғамның жаңаруы - сана өзгергені керек. Қазақ елі 30 жыл бойы ілбіп келе жатқан сүрлеуінен шықпаса, сана трансформациясын жасап, басқаша өз даму жолына таңдау жасамаса, өзгелер үшін мәңгі шикізат елі болып қалып, құрдымға кете береді. Бәрі еңбекте жалпы саны 40 бөлек ой-пайымнан құралған. «Ойлардың» әрқайсысы екі бөліктен тұрады: біріншісінде, қазіргі кезде ел дамуына кедергі келтіріп отырған келеңсіздіктер өткір сыналса, екіншісінде, оларды оңтайлы шешу жолдары, жобалары ұсынылады.

Кітапта тегіміз түркі әлеміне серпіліс беру, Түркістанды жаңғырту, өзегіміз «жаңа ауыл», жер мен тіл туралы, өмірдің мәні неде, генийлер келе ме т.б. тың идеяларды да алға тартады. Ғалым-академик дүниежүзілік өркениет беталысы: жаңа технологиялар, информациялық соғыс, жасанды интеллект, роботтандыру, адам геномы т.б. сана ғасырында алтыншы, жетінші сезім-түйсігін іске қосу туралы да ой саралайды. Қоғамды жаңғырту ілімінің негізін қалауға қадамдар жасалған.






Тағылым / Құраст. Б. Қарағызұлы. - Нұр-Сұлтан: Фолиант , 2021. - 320 б.

«Ұлтқа қызмет ету - білімнен емес, мінезден» дейді Алаш арысы Әлихан Бөкейхан. Туабітті мінезбен сіңген тәлімгерлік, азаматтық, адалдық ісімен халқы үшін қалтқысыз қызмет еткен ерлердің еңбегі әрдайым ел аузында.

Қолыңыздағы сондай естелік - көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Икрам Адырбекұлының адами қасиеті мен атқарған игі ісі жайлы Сыр елі жақсылары мен жайсаңдарының сыры, ақжарма ниеті мен шынайы тілегі.



Әпендиев Т.Ә. Оңтүстік Қазақстандағы немістер тарихы XIX ғ. соңы- XX ғ. басы: Монография / Әпендиев, Тимур Әкімханұлы; Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті. - Алматы: Қазақ университеті, 2021. - 182 б.

Ұсынылып отырған ғылыми монография XIX ғасырдың соңғы ширегінен бастап XX ғасырдың басына дейінгі уақыт аралығында Оңтүстік Қазақстанда өмір сүрген немістердің тарихын әлеуметтік демографиялық қырынан зерттеуге арналады. Зерттеу жұмысында Түркістан өлкесінің Сырдария облысына қарасты Шымкент, Әулиеата, Ташкент және Перовск уездерінің, яғни қазіргі географиялық атауға ие болып отырған Оңтүстік Қазақстан территориясында немістердің алғаш қоныстану аймағы және әлеуметтік құрылымы зерттеледі.




Ибраев Шәкір (Шәкімашрип). Абай феномені: Ғылыми зерттеу / Ибраев, Шәкір (Шәкімашрип). - Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2021. - 240 б.

Кітапта Абайдың ақындық тұлғасы, шығармашылығы әдебиеттану ғылымының қазіргі заманғы жетістіктері мен концептуалдық нәтижелері тұрғысынан талданған. Зерттеудің әлеуметтік, философиялық, антропологиялық және психологиялық аспектілері көркемдік-эстетикалық ұстанымдармен өрелесуі - Абай поэзиясының көпқабатты сипатын, мәнін, құрылымдық жүйесін анықтауға мүмкіндік беретін жаңа әдістемелік тұғырнама ретінде қарастырылады.



Ергөбек Қ. Адамның бір қызығы бала деген... қазақ балалар әдебиеті мәселелері / Ергөбек Құлбек . - Нұр-Сұлтан: Big Dream , 2021. - 428 б.

Бір жанр жай-күйін тұтас бір кітапта тарата, талдай әңгімелеу көрнекті әдебиет сыншысы Құлбек Ергөбектің қалыптасқан қаламгерлік дағдысы. Сыншылық сондай мақсаткерліктен туған «Адамның бір қызығы бала деген...» - қазақ балалар әдебиетінің тарихын түрік халықтарына ортақ алтын тамырдан арна тарта әңгімелейтін, әдебиеттің қызық та, қиын саласының көп жылдық жетістік, кемшілігін ақ-адал саралайтын, бүгіні, алдағы ділгір мәселелерін орайымен толғайтын толайым толғақты ойлардан тұратын жұлын-жүйкесі бүтін жүйелі еңбек, бір тақырыпта туған желілі тұтас кітап.



Жайлыбай К.Н. Емен, арша, акация, үйеңкі, бозарша, сирень өсірудің ең арзан әдістемесі және жастарды экологиялық патриотизмге тәрбиелеу: Әдістемелік оқу құралы / Жайлыбай К.Н. - Алматы: Эверо , 2021. - 56 б.

Әлемдік жылу процесінің алдын алу үшін және Қазақстан территориясында ауа бассейнін тазартып, экологиясын жақсарту мақсатында өте күшті фотосинтездеуші әрі ұзақ жыл өмір сүретін ағашты өсімдіктерді алдағы 40-45 жыл бойы үздіксіз әрі көптеп өсіру керек. Емен, арша, акация, үйеңкі, бозарша, сирень, тағы басқа ағашты өсімдіктерді өсірудің ең арзан әдістемесі тұжырымдалып ұсынылады.



Тілегенов Бекежан. Көптомдық шығармалар жинағы. Т.4: Әдебиет менің Отаным! Естелік жазбалар / Тілегенов Бекежан; Құраст. Т. Жұртбай. - Алматы: "Ел-шежіре" ҚҚ, 2021. - 320 б.

Бекежан Тілегеновтің шығармалар жинағының IV томына саясаттың қолшоқпары болған бақталастық пен биліктің соңына түскен жандардың өмірі, өзі куә болған жағдайлар толық қамтылған «Әдебиет - менің Отаным» атты естелік жазбалары еніп отыр.



Тұғыры биік Тәуелсіздік : Ұсыныстық библиографиялық көрсеткіш / Құраст. М.С. Мырзатаева, А.А. Рахимова, Ж.С. Усербаева. - Алматы: «Қазақ кітабы» баспасы, 2021. - 672 б.

Меретойлық көрсеткіш-кітапта ақпарат көздері басты 13 тарауға топтастырылған. Олардан оқырман егеменді мемлекетіміздің қалыптасып, дамуы және дүниежүзілік қауымдастыққа қосылуы жайында сан алуан мағлұматқа толы дерек көздерін табады



Адырбеков Икрам. Елшінің жазбасынан / Адырбеков Икрам. - Нұр-Сұлтан: Фолиант , 2021. - 280 б.


Тәуелсіз Қазақстанның әлемдегі, өңірдегі бейбітшілікті, қауіпсіздікті сақтауға, нығайтуға қосқан үлесін халықаралық қоғамдастық бүгінде жоғары бағалайды, ол — жас мемлекеттің сыртқы саясатының шынайы жетістігі.

Осы салада көп жылдар жемісті қызмет атқарған белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, Төтенше және Өкілетті елші Икрам Адырбековтің оқырманға ұсынып отырған бұл кітабында негізінен автордың елшілік қызметте болған кезеңдерінде өзі куә болған, тікелей қатысқан түрлі шаралар мен маңызды кездесулердің протоколдан тыс қалған жайттары мен қызықты оқиғалары баяндалады. Сонымен қатар елші қызметін атқарған мемлекеттердегі түрлі салаларда жүргізілген озық реформалар мен тәжірибелер туралы зерттеулері, өткен өмір жолы тартымды суреттеледі.




Қазақстан және Ресей: стратегиялық әріптестік пен жан-жақты ынтымақтастықтың 30 жылы = Россия и Казахстан: 30 лет стратегического партнерства и всестороннего сотрудничества: Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары Мәскеу, 20 сәуір 2021 ж. / Ред. алқа; З.К. Шаукенова, А.К. Аликберов (жалпы ред.) және т.б. - Нұр-Сұлтан: ҚСЗИ, 2021. - 224 б.

Жинақта «Қазақстан және Ресей: стратегиялық әріптестік пен жан-жақты ынтымақтастықтың 30 жылы - Россия и Казахстан: 30 лет стратегического партнерства и всестороннего сотрудничества» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция қатысушыларының баяндамалары, сонымен қатар екі ел халықтарының арасындағы тарихи, мәдени және рухани байланыстардың, сондай-ақ қазіргі геосаяси үдерістердің контекстіндегі Қазақстан-Ресей қатынастарының маңызды мәселелеріне қатысты Қазақстан мен Ресейдің жетекші тарихшы-ғалымдары дайындаған баяндамалары ұсынылған. 2021 жылы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойы атап өтіледі. Бұл қорытындылар жасау мен өткен жолды ұғынудың маңызды кезеңі мен шебі болып табылады. Қазіргі заман тарихы Қазақстан-Ресей ынтымақтастығының қарышты дамуы мен жоғары нәтижелілігі өзара құрмет, тең құқылық және стратегиялық әріптестік қағидаттарына негізделгенін көрсетті.



Қожахметова Мағира. Менің шашылған энциклопедиям: Портреттер, увертюра-эсселер, сурет-сыр-сұхбаттар / Қожахметова Мағира. - Алматы: РПБК Дәуір, 2021. - 704 б.

Автордың бұл жеке жоба-топтамасы төрт бөлімге жинақталған: 1. Музыка. 2. Балет. 3. Театр. 4. Бейнелеу. Кескіндеу. Осы өнер түрлерінің қазақ топырағында туған көрнекті тұлғаларымен қатар адамзаттың ортақ игілігіне, құбылысқа айналған есімдермен де, тарих қойнауына енген әр кезеңдегі өкілдерінің бір-біріне ұқсамайтын портреттерімен таныса аласыздар. Күй, вальс, соната, симфония, ән, жыр, би, сахна сиқыры, режиссерлік, актерлік шеберлік ізденістері, орындаушылық ерекшеліктері көркемдік мәнерімен қызықтырады. Анық-қанық, нақты. Әрбір кейіпкері өз нотасының биігінде. Бейнелеу өнерінің түрлі ғасыр аралығында інжу-маржанға айналған сурет, мүсіндері кенеттен сырын ашып, сайрап шыға келгендей әсерге бөлейді.



Қазақ телеэкраны. Арналар тарихы мен есімдер / Құраст. Қ. Тұрсын. - Алматы: РПБК Дәуір, 2021. - 608 б.

Жинақта «Қазақстан» республикалық телерадиокорпорациясының елімізде алғаш шаңырақ көтерген «Қазақстан» Ұлттық арнасының және Қарағанды, Өскемен телеарналарының 60 жылдық мерейтойына орай даярланған тарихи-шежіреге толы жылдар сілеміндегі қалың қатпарлы тарихы, айтулы істері мен шығармашылық және техникалық саладағы кәсіби мамандардың ерен еңбектері, олардың әрбірінің өмірбаяндары жайлы тағылымды сыр шертеді. Асқаралы алпыстың қыратына көтерілген алпыс жылдың әрбір секунды мен сағаты, күндері мен түндері өлшеусіз ерліктерге пара-пар істерге толы болды.






Тохан Бодаухан. Қазақ тіліндегі көне және сирек қолданыстағы сөздер сөздігі / Тохан Бодаухан. - Алматы: РПБК Дәуір, 2021. - 464 б.

Тәуелсіздіктен соңғы 30 жылда мемлекеттік мәртебеге ие ана тіліміздің абыройын асқақтату мақсатында ондаған сөздік құрастырылып, қазақ тілі түркі тілдес халықтар ішінде ең бай тіл екендігін көрсете білдік. Бұған Елбасының өзі жоғары бағалап, лебізін білдірген, жүз мыңнан астам сөз бен сөз тіркестерін қамтыған «Қазақ сөздігі» (Алматы, 2013 жыл) куә. Алайда күні бүгінге дейін қазақ тіліндегі көне сөздердің жеке сөздігі құрастырылмаған екен. Жазушы Бодаухан Тоханның бұл сөздігі осы кемістігіміздің орнын толтыруға арналған еңбек.



Бөлтірікова Бақтыгүл Қасенбайқызы. Ақын ата Бөлтірік - Шешен әке Қасенбай / Бөлтірікова Бақтыгүл Қасенбайқызы. - Алматы: Верена , 2021. - 120 б.

Бақтыгүл Қасенбайқызы Бөлтірікова Бөлтірік атасы мен Қасенбай әкесіне арналған ой-толғауларымен оқырманмен сырласады. Ол 1993 жылы Алматы облыстық « Бөлтірік Қасенбай» қорын ашып, қор Президенті жұмыстарын атқарып келеді. Бұл кітапта өзі сияқты ата-баба өмір жолы мен мұрасын іздеушілер, насихаттаушылар, жарыққа шығарушылар болса, оларға осы ардақты, киелі, ауыртпалығы мен қуанышы мол жолдағы көріп білген, атқарған істерімен бөліседі.



Кенемолдин Мұратбек. Шәкерім айтқан, қазақ оқығандары: Зерттеулер, мақалалар / Кенемолдин, Мұратбек. - Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2021. - 208 б.

Малдыбайұлы Мұстақым. Шығармалар жинағы / Құраст. Е. Тоқтарбай. - Нұр-Сұлтан: Алашорда, 2021. - 272 б.

Қадырбай Сейдәзім. Шығармалар жинағы / Құраст. Е. Тоқтарбай, Б. Әбеу; Жалпы ред. С. Аққұлы. - Нұр-Сұлтан: Алашорда, 2021. - 272 б.



Абақтыдағы жан сөзі. Түрмеде жазылған жырлар антологиясы / Құраст.: Е. Тоқтарбай. - Нұр-Сұлтан: Алашорда, 2021.

